

№ 11 «Балапан» бөбекжай - балабақшасы



Бөбекжай-балабақшасы  
№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы  
ҚМҚК-ның меңгерушісі:  
С. Мұхаметова

## «Шахмат» үйірмесі



Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Исмамбетов Б.

2023-2024 оқу жылы



#### Үйірме мақсаты:

- Шахмат ойыны баланың ойлау, байқампаздық, зейінділік қабілеттерін дамытады.
- Шахмат ойыны баланың тез ойлану, дәл де, анық есептеуге үйретеді.
- Жеңіске жетуге талпындырып, адамның ерік -жігерін арттырады.

#### Міндеттері:

- Шахматтың шығу тарихымен таныстыру,
- Ойын ережелерін үйрету,
- Балаларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар

өткізу ережелерімен таныстыру.

#### Тәрбиелік:

- Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру,
- Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу,
- Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге.

#### Түсінік хат

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде балалар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол балалардың аз уақытта ойларын шоғырландыруына, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Астанада өткен тез шахмат пен блиц чемпионатының ашылу салтанатында «Шахмат адамдарды тез ойлатады, шешім қабылдатады және қадам жасатады. Мен бүгінгі таңда Қазақстанның көптеген балаларының спорттын осы түрімен айналысатынына қуаныштымын» деген болатын. Сонымен қатар балабақшалармен мектептердің оқу жоспарларына шахмат сабақтары енгізіліп отыр.

Шахмат – екі тұлғаның көрнекі түрде сайысу түрі. Ол бізге адамның шығармашылық дәрежесін анықтауға қажет. Шахмат ойнаушының үнемі жетілуінен, жүйелі түрде дайындық сағаттарын жүргізуден кейін нәтиже күтуге болады. Сонымен қатар шахматты үйретудегі жаттықтырушының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы қажет.

Шахмат ойыны – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибиені қалыптастыруға арналған жағдайлар негізіндегі іс-әрекет-тің бір түрі.

Сондықтан, адам баласының дүниетанымы кеңейеді, сөздік қоры, ойлау қабілеті дамиды, білім сауаттылығы математика есептеріне көп септігін тигізеді. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Бағдарламаның тиімділігі – уақыт талабымен сәйкес. Жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді. Сабақтан тыс білім беру жүйесінде шахматты үйрету жүйесі балалардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып оның тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады.

Бағдарламаның ерекшелігі балаға даралап білім беруге бағытталғандығында. Ол бағдарламаға енгізілген және екі негізгі бағыт алады. Алдымен әр шахмат ойнаушының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеуде, екіншіден әр тәрбиеленушінің өмірге көзқарасы, жағдаяттарды шеше білуі есепке алынады. Баланың жеке қасиеттерін табиғи, физикалық және психологиялық қасиеттерін білуді талап етеді.



2023-2024 оқу жылы  
«Шахмат» үйірмесінің кестесі

Өтілетін күні	Дүйсенбі	Сейсенбі Ересек топ «Қарлығаш»	Сәрсенбі Ересек «Балбөбек»	Бейсенбі Ересек топ «Құлагер»	Жұма Мектепалды «Құлыншақ»
Уақыты:	-----	16-00 16-30	16-00 16-30	16-00 16-30	16-00 16-30

**«Шахмат» үйірмесінің тақырыптық жоспары.**

<b>Р/с</b>	<b>Айы</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны:</b> <b>36</b>
<b>1</b>	<b>Қыркүйек</b>	Кіріспе Шахмат ойыны туралы аңыз Шахмат ойынының тарихы Әлем, Қазақстан чемпиондары Шахмат ойынының мақсаты	<b>4</b>
<b>2</b>	<b>Қазан</b>	Ойын ережесі Шахмат тақтасы Ойын басындағы тастардың бастапқы жайғасымы, орналастыру тәртібі. Пешканың өзі түстес фигураға айналуы	<b>4</b>
<b>3</b>	<b>Қараша</b>	Шахмат фигураларының дұрыс атауы. Пешканың жүрісі	<b>4</b>
<b>4</b>	<b>Желтоқсан</b>	Ат (конь) жүрісі	<b>4</b>
<b>5</b>	<b>Қаңтар</b>	Тура (ладья) жүрісі	<b>4</b>
<b>6</b>	<b>Ақпан</b>	Уәзір (ферзь) жүрісі	<b>4</b>
<b>7</b>	<b>Наурыз</b>	Піл (слон) жүрісі	<b>4</b>
<b>8</b>	<b>Сәуір</b>	Шахмат фигураларының жүрістері. Патша (король) жүрісі . Шах беру	<b>4</b>
<b>9</b>	<b>Мамыр</b>	Шартты белгілер. Шахмат жүрістерін оқу, жазу тәртібі. Пат және тең ойын Алғашқы партиялар	<b>4</b>